



Республикалық әскери-сараптамалық журнал

АШЫҒЫН



№4 (170)
СӘУІР 2022 ЖЫЛ



ТАРИХЫМЫЗДА
САҒАДАТ АҒАНЫҢ
ОРНЫ ЕРЕКШЕ

4

ТЕҢІЗДЕГІ ТЕГЕУРІНДІ
КҮШ

24

СТЕПНЫЕ ОРЛЫ

36



ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА – БІЗДІҢ ЕРЕН ЕҢБЕГІМІЗ!

Республикалық әскери-сараптамалық журнал

АІВҮН

2022

МАЗМҰНЫ:

ҚАЗАҚСТАН ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНЕ – 30 ЖЫЛ
ТАРИХЫМЫЗДА САҒАДАТ АҒАНЫҢ ОРНЫ ЕРЕКШЕ 4

ВОЕННО-ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ
«АЙБЫНДЫ ӘСКЕР»: МИССИЯ ПРОДОЛЖАЕТСЯ10

АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ
ӘСКЕРГЕ БАРУДЫ ПРИОРИТЕТКЕ АЙНАЛДЫРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ16

ЦИФРОВИЗАЦИЯ
**"ЦИФРОВОЙ ВОЕНКОМАТ" УСПЕШНО
 ФУНКЦИОНИРУЕТ В КАЗАХСТАНЕ**20

ЛИЧНОСТЬ
ПРИМЕР БЕЗЗАВЕТНОГО СЛУЖЕНИЯ РОДИНЕ21

2 СӘУІР – ҚР ҚҚ ӘСКЕРІ-ТЕҢІЗ КҮШТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛҒАН КҮНІ
ТЕҢІЗДЕГІ ТЕГЕУРІНДІ КҮШ24

ИНТЕРВЬЮ
**ПОЛКОВНИК РУСЛАН КУЛУМБЕТОВ: «ВОЕННАЯ ПОЛИЦИЯ СОСТОЯЛАСЬ
 И ПРОЧНО ЗАНЯЛА МЕСТО В СТРУКТУРЕ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ»**.....28

ДЕНЬ КОСМОНАВТИКИ
СТЕПНЫЕ ОРЛЫ.....36

АІВУН

Республикалық әскери-сараптамалық журнал

БАС РЕДАКТОР
Алия Майсеитова

БАС РЕДАКТОРДЫҢ
ОРЫНБАСАРЫ
Тимур Аубакиров

SARBAZ.KZ
ЖОБА ЖЕТЕКШІСІ
Тимур Кубеков

БӨЛІМ МЕНҒЕРУШІСІ
Ерлібай Қадырбай

ДИЗАЙНЕР
Адил Шеримбетов

ТІЛШІЛЕР
Рима Әбеуова
Алия Майсеитова
Мерuert Сафаева
Нариман Дюсенов
Бақытгүл АБАЙҚЫЗЫ

ФОТОТІЛШІ
Ағыбай Аяпбергенов
Мұқабаның ішкі жағында
Думан Құрманғалиевтің
фотолары пайдаланылған

E-MAIL: info@sarbaz.kz

МЕНШІК ИЕСІ:
«Әскери ГАЗ Медиа» ЖШС
Қазақстан Республикасы,
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Есіл ауданы, Комсомол тұрғын алабы,
Домалақ ана көшесі, 11 үй.
Тел. 8 (7172) 25-21-63

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
тапсырысы бойынша
шығарылады

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды
және авторларға қайтарылмайды.

Журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және
даму министрлігінде тіркеліп, 2015 жылғы 30 сәуірде
№5341-Ж куәлігі берілген
Шығуы ай сайын. Бағасы еркін.
Таралымы 1005 дана. Тапсырыс №4



Өткен Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында Кубань өңірінен герман фашизмінің апаны - Берлинге дейінгі отқа оранған майдан жолдарынан жүріп өтіп, ойранын көрген Кеңес Одағының Батыры, №1 Халық қаһарманы, Тәуелсіз еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің ерлігі, жанқиярлық еңбегінің үлесі, өмірлік тәжірибесі, сабырлығы айтарлықтай өлшеусіз. Жас мемлекетіміздің Қарулы Күштерін кәсіби тұрғыдан бәсекеге лайық сапаға бейімдеді. Сөйтіп, өзінің дара тұлға, дарынды қолбасшы екендігін бейбіт өмірде де елімізге көрсетіп, ұрпақтар ұмытпайтын ұлағатты іс атқарды. Бір сөзбен, Сағадат ағаның орны тарихымызда ерекше.



ТАРИХЫМЫЗДА САҒАДАТ АҒАНЫҢ ОРНЫ ЕРЕКШЕ

Төл әскеріміздің іргетасы ақ парақтан басталған

Қазақта: «Өткенді еске түсірмесең, бүгінді түсіне алмайсың» деп халық тегін айтпаған. Кімде-кім болсын өзінің туған жерін, тай-құлындай тебісіп өскен өңірін, сондай-ақ елінің тарихын ұмытпай, өткен күндерді еске алады. Осының бәрі де ерекше қымбат, түн ортасында оянсаң да есінде болады.

Мен де кешегі, әсіресе, еліміздің Қарулы Күштері қалай келгенін, қалай болғанын, қанша жыл өтсе де егемен еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің, басқа

да басшылардың, әріптестерімнің тиянақты істеген еңбектерін жүрегімде сақтаудамын.

Уақыт, шіркін, неткен ұшқыр! Бәрімізге мәлім, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне, яғни, өткен жылы 16 желтоқсанда 30 жылға толғанын, ал 2022 жылы еліміздің Қарулы Күштері 30 жылдығын атап өтетіні. Осыдан 30 жыл бұрын, былай айтқанда, 1992 жылы 7 мамырда еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлығына сай дербес әскеріміз құрылды.

Егемен Қазақстан құрылған сәттен

бас тап ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекеттің басты басымдығы болыптабылды. Оныңмаңыздыалғышарты әскери қауіпсіздік, ал ол өз кезегінде Қарулы Күштерді құрмайынша және қалыптастырмайынша мүмкін емес, деп атап көрсетіп еді сол кездегі ел Президенті. Ол кезең күрделі еді. Кеңес Одағының тарауына байланысты біртұтас қорғаныс кеңістігін күйрету, армияны ұлттық сипаттары бойынша бөлшектеу тенденциясы байқалды. Ол армияның жеке құрамының әлеуметтік-психологиялық жағдайына ғана емес, сонымен бірге оның жауынгерлік даярлығына да кері әсер етті. Міне, осындай жағдайда жаңа тәуелсіз мем-



лекеттер өз армияларын құруға кірісті. Айтып кеткен жөн, біздің ел ең соңында өзінің Қарулы Күштерін құру жөніндегі Жарлық шығарды.

Шынында да әскеріміз құрылмай тұрып, сол жылдары Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты және Ардагерлер мен әскери қызметшілер істері жөніндегі комитеттің төрағасы міндетін атқарып жүрген кезінде, Нұрмағамбетовтің істеген еңбегі орасан. «Жақсылықтың құны өлшеусіз» деп тегін айтылмайды ғой, бұдан басқа да сарбаздар мен ата-аналардың өтініштерін қарау жөніндегі арнайы комиссияның төрағасы ретінде көптеген жұмыстар атқарды. Бұл жөнінде біреу біледі, біреу білмейді. Әсіресе, Мәскеуде 1991 жылы Тамыз

Қазақстанды және тағы басқа одақтас республикаларды Мәскеуге бағындыра отырып, әскери округтер құруды ұсынды. Ол округтер өз құрамына бірнеше республиканы қамтуы тиіс болды. КСРО Қорғаныс министрлігі және егемен республикалардың арасында келісімшарттар жасалады деп жоспарланды. Жоспар талқыланған кезде сөз алған Сағадат Нұрмағамбетов Қазақстан басшылығының позициясын баяндап, КСРО Қорғаныс министрінің баяндамасының тезистерімен келіспейтіндігін айтты.

Кеңес Одағы толығымен күйреген соң, одақтас республика басшылары армия құруды өз беттерінше жүргізетінін, ұлттық аумақтан өзге жерлерге өз жастарын жібермеу туралы шешімдер

тәуелсіздікті, аумақтық тұтастықты, республиканың қорғаныс және өмірлік маңызды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында 1991 жылы «Қазақ КСР Мемлекеттік Қорғаныс комитетін құру туралы» Жарлығын жариялады. Жарлықты жүзеге асыру мақсатында Министрлер кабинеті аталған мекеменің мемлекеттік орган ретінде республиканың әскери инфрақұрылымын басқару құқығына иелігін айқындайтын арнайы қаулы қабылдады. Екі ай мерзім ішінде Комитет жұмысы туралы ереже қабылдау тапсырылды. Желтоқсан айының ортасында, комитет төрағасы болып Сағадат Нұрмағамбетов және комитет мүшелері тағайындалды.

Қорғаныс саласының тізгінін мықты ұстаған

Ел атынан қорғаныс мәселелері бойынша одақтық деңгейдегі талқылауларға Сағадат Қожахметұлы қатысатын болды. Мәселен, Нұрмағамбетов 1992 жылы сәуір айында Мемлекет басшысының тапсырмасымен Ресей президентінің кеңесшісі Геннадий Бурбулиспен кездескенін еске алып, келіссөздер жүргізуі оңай болмағанын маған берген сұхбатында айтып еді. Сөзінің басында Бурбулис Ресейдің бүкіл республикаларды асырауға шамасы жоқтығын айтып, әр ел өз бетінше өмір сүруіне кеңес берген екен. Ресейді бәрін, соның ішінде бөгде аймақтардағы әскерлерді де асырап-сақтау тойдырып бітті,- деп президенттің кеңесшісі, тым деректі тіл қатыпты.

Ал, Нұрмағамбетов болса: «Біз ешкімге тимейміз, тигенге бас имейміз» демекші, оған қарсылыс білдірген екен.

– Қазақстан жылына 15-16 млн. тонна нан өндіреді, - дедім. – Оның тек 2-3 миллионын ғана өзіне алып қалады. Қалған астықтың барлығы ортақ қазанға құйылады. Республика Орталық Азия, Түркістан, Орал, Сібір әскери округтерін етпен қамтамасыз етеді және кімнің кімді асырап отырғандығын әлде де анықтау керек.

Геннадий Эдуардович мұндай жауапты күтпесе керек, өз пікірін шұғыл өзгертіп, кешірім сұрағандай болыпты:

– Мен Қазақстанды айтып отырғаным жоқ. Онымен біз ерекше қарым-қатынастамыз. Бірақ біз мамырдың



оқиғасы орын алған кезде Орталықтан басқарылатын Қарулы Күштер қатарында болғандықтан бар салмақ әскери мамандарға түсті. Сағадат Қожахметұлы республика басшылығы тарапынан 40-шы армия басшылығы арқылы әскер қатарындағы жағдайды талдауға тапсырма алды. Қолда бар мүмкіндігін пайдаланып, армия қатарында еш өзгеріс жоқтығын, барлығы да жоспарланған оқу-әскери міндеттерді орындау бойынша қалыпты жағдай орнатылғандығын, рұқсат етілмеген митингілердің болғандығы жайлы тіркелмегендігін анықтады. Бірақ армия басшылығынан барлық бөлімдер мен құрылымдарды толықтай әскери дайындықта ұстап тұруға нұсқау алды.

Сағадат ағаның еске алуынша, бұған дейін, сол кездегі кеңестік әскери билік

қабылдайтындығын айтты. Армияға қажетті реформаны басқаша жолмен жүргізуді Қазақстан атынан ұсынды. Аумалы-төкпелі кезеңде Қарулы Күштерді қысқартуға ұшыратпай, офицер мамандарды сақтап қалуды, мемлекеттік әскери базалардағы (арсеналдардағы, қоймалардағы) түрлі қолданыстағы техникалар мен әскери іс-әрекет жасауға қажетті құралдарды дұрыс игере білу, қоғам игілігіне айналуы тиіс мол байлықты өркениетті түрде тарату, бөлу, иесіздік пен талантаражаға салынып кетпеуін қадағалау жөнінде мәселе көтерді.

Қорғаныс мәселелерінің күрмеулі түйіндерін шешуге арналған жиналыстар, мәжілістер, кеңестер бірнеше мәрте одақтық, Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері басшыларының қатысуымен өткізілді. Елбасы

басында өз армиямызды – Ресей армиясын құрамыз. Ал сіздер өздеріңіз біліңіздер, - деп жауап қайтарып, ол атонын ала қашыпты.

Сағадат аға Ресейлік әріптестерімен болған келіссөздер нәтижесін баяндаған соң, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Ресей президентінің Ресей армиясын құру туралы Жарлығы жарыққа шыққаннан кейін біз де өз Қарулы Күштеріміз туралы Жарлық шығарамыз» деген шешім жасады. Көршілес елдің аталған ресми құжаты жарияланған соң, Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы Жарлыққа қол қойды.

Тәуелсіз еліміздің құрыш қалқанына айналған төл әскері өткен жылдары талай белестерден өтіп, бағындырды.

Жас мемлекетімізді қалыптастыруға Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың қосқан үлесі өлшеусіз. Десе де, Қарулы Күштеріміздің бүгінгі таңда жеткен биігі Сағадат ағаның есімімен тікелей байланысты. Оның орны тарихымызда ерекше. Себебі, бәрін де ақ тарақтан, бұлай айтқанда, тақыр жерден бастаған болатын. Алғашқы күннен бастап, қандай қиыншылықтар болса да, Сағадат аға



білекті сыбана іске кірісіп, Қорғаныс саласының тізгінін нығыз ұстады, үлкен дәрежеге жеткізді.

Нұрмағамбетов әскердің жүйелі қалыптасуына, кейінгі дамуына алғышартта жасаған Заңдардың жобалары, қажетті құжаттар дайын-

далды. Қазақстан Республикасының бірінші әскери доктринасы 1993 жылы 11 ақпанда Елбасы бекіткеннен кейін күшіне енді. Сол кезден бастап армиямыздың іргетасы қалана бастады.

Президенттің Жарлығымен Қарулы Күштер түрлерінің байрақтары, әскери бөлімдердің жауынгерлік тулары мен әскеріміздің рәміздері бекітілді. Әскердің тектері, құрылымы, округтердің орналасу мекені, кадрлармен жасақтау, оларды оқыту және тәрбиелеу, қару-жарақпен, жаңа әскери жабдықтармен жарақтандыру, мемлекетаралық әскери қатынастар орнату – бәрі-бәрі жаңа сала еді.

Қорғаныс министрлігінің, Бас штабтың басшылары әскерлерді басқарумен бірге жауынгерлікті жөнге келтіру, атқарушы билік органдарымен және қуатты ведомстволармен қарым-қатынасын қамтамасыз ету, қаржылық, тылдық және материалдық қамтамасыз етуді ұйымдастыруды қолға алды. Алғашқы болып Құрлық әскерлері, Әуе қорғанысы, Әскери-теңіз күштері құрылды. Кадр мәселесі бойынша да нақты кешенді әрекеттер жасалды. Запастағы офицерлерді сапқа тұрғызу, кешегі сарбаздар қатарынан қабілетті





жастарды іріктеп алып, қысқа мерзімді курстарға жіберіп оқытты. Әскери білім беру жүйесі қайта жанданды. Бұл салада кейінгі жылдары жемісін берген тың қадамдардың бастауы сол жылдары жасалған еді.

Жоғарғы Бас қолбасшының қатысуымен Қарулы Күштерінің бөлімдерінде алғашқы жаттығулар өтті. Бір сөзбен айтқанда, өзгерген жағдайға байланысты жаңа Қарулы Күштердің мақсаты мен міндеттері оны шешудің жолдары белгіленген нормативтік-құқықтық база жасалды.

«Айтылмаса, сөздің атасы өледі»

Иә, әскеріміз бүгінгі келбетіне оңайлықпен келген жоқ.

Кеңес Одағы ыдыраған тұста қай саланы алсаң да шешілмеген мәселелер көп еді. Бұл ретте әскердің жағдайы тіпті ауыр болатын.

Менің сұхбатымда Армия генералы С.Нұрмағамбетов бұлай деген еді: «Армия құру барысында Кеңес Одағынан бізге қалған ядролық стратегиялық қару мен қуатты күштерін тез уақытта шешу керек болды. Неге десеңіздер, бейнелеп айтсам, жеріміз жарылысқа жақын тұрған апат аймағына айналды. Міне, осының бәрі абайсыз әрекет бола қалған жағдайда Чернобыль атом электр стансасындағы сұмдық апаттан кем соқпауы мүмкін еді. Сонымен бірге елімізде көп жылдан бері Орта Азия әскері округінің 200 мыңнан асатын әскері тобы және техникасы қалған еді. Сондай-ақ Ауғанстан жерінен, Шығыс Еуропа елдерінен шығарылған әскерлердің қару-жарағы мен әскери техникасы еліміздің топырағына топтастырылған еді. Оған ие болып, бір жөнге келтіру да оңай шаруа емес еді. Өте күрделі мәселе кадр мәселесі де болатын. Нақтырақ айтқанда, оның тапшылығы. Жасыратыны жоқ, айбынды Кеңес армиясын өз бетімен тастап кеткен сарбаздардың саны жүздеп, мыңдап саналды. Қазақстан жерінде шоғырланған бөлімдердегі көрініс те солай болған. Сол сарбаздарға бас-көз болатын офицерлік құрамның жай-күйі тіпті аянышты болды. Көпшілігі тарихи отандарына ағылып жатты, арнайы білімі бар қандастарымыз жетіспеді. Сондай қиын кезеңде Сағадат Қожахметұлының мол әскери білімі мен тәжірибесі еліміздің тәуелсіздік алған алғашқы жылдарында Қарулы



Күштерін құруға, сондай-ақ жаңа заңды құжаттарын, алғашқы қорғаныс доктринасын қалыптастырып, күрделі саланың негізін қалап, жүзеге асыруда айрықша қызмет етті.

«Тәуелсіздіктің туын биік желбіретіңдер...»

Батыр ағамыздың өмірден өткеніне көп жылдар өтсе де, ұрпақтары естен шығармайды.

Еліміздің қаһарманы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов алдына айқын мақсат қоя алатын жандардың санатынан екенін бұрынғы Қорғаныс министрі, Халық қаһарманы, Армия генералы Мұхтар Алтынбаев айтқан еді.

«Елбасы Жарлығымен тәуелсіз Қазақстан Республикасының алғашқы Қорғаныс министрі болып тағайындалуында да үлкен мән бар, - деген болатын Мұхтар Қапашұлы. Өйткені, оның өмірлік мол тәжірибесі әскери қайраткерлігімен ұштасып жатқан-тын. Сағадат ағамыз бүкіл өмірін әскери-патриоттық еңбек пен Отанын сүйіп, қорғай алатын ұрпақ тәрбиесіне арнады. Өз заманындағы әскери лауазымның биік дәрежесіне жетті.

Сағадат Нұрмағамбетов – тәуелсіз ел әскерінің іргетасын қалағандардың бірі. Тұңғыш Елбасы – бұрнағы Қарулы Күштеріміздің Жоғарғы Бас қолбасшымен бірге тәуелсіз елдің әскерін құрысуға көп еңбек сіңірді. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі кезеңде әскери мамандар жетіспей жатты. Міне, сол шақтан бастап көптеген

жас офицерлерді әскери машыққа баулу жолында көп тер төкті. Солардың арасында генерал атанғандары да қаншама.

Сағадат аға жастарға ғана емес, аға буын – біздерге де үлгі-өнеге бола білді...»

Кезінде менің сұхбатыма әскери ғылымдар докторы, полковник Ким Серікбаев бұлай деген еді:

«Сағадат ағамыздың өмірі тек айтарлықтай, мінезі – өте байсалды, ұстамды, әр сөзін ойлап сөйлейтін ақылмандығы болатын. Халқының алдында аса абыройлы еді.

Жиырмадан жаңа асқан кезінде Отанын қорғау жолындағы қан майданда Нұрмағамбетов батырлығымен жеңіске жетуге атсалысты. Бір сөзбен айтқанда, 1945 жылы 27 ақпанда Польша жерінде жау қорғанысын бұзып өту кезіндегі жауынгерлік тапсырманы ержүректілікпен орындап, көрсеткен ерлігі үшін Сағадат ағамызға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Осыдан соң майор Сағадат Нұрмағамбетов басшылық еткен батальон рейхсканцелярия ғимаратына шабуыл жасап, қаһарман қазақ жігіті соғысты Германия астанасында аяқтады.

Атақты ақын Кәкімбек Салықов айтқандай:

Ешқашан батырмын деп жар салмаған,

Адам жоқ Сағадатқа таңғалмаған...

Кеңесін Гитлердің талқандаған.

Сарбаздар ұмтылып өр шешімімен,

Күн туды жаудың үні өшірілген.



Рақымжан Рейхстагқа ту тіккенде, Сағадат кірді атойлап есігінен.

Соғыстан соң әскери қызметке көп еңбек сіңіріп, сонау Кеңес Одағы кезінде генерал-лейтенант атағын алған.

Бұл кісінің ерекше еңбегі, еліміз егемен болып, Тәуелсіздіктің туын тіктеген тұста мемлекеттіліктің бір тірегі – Қарулы Күштердің қалыптасуы мен нығаюына белсене қатысып, 73 жасында жас жігіттей жұлқына ұмтылып отандық әскер құрудың жұмысына көп еңбек етті. Ол уақытта мен Президент аппаратының Қорғаныс бөлімінде меңгеруші болып қызмет еттім. Сонда Сағадат ағамның маған айтқаны: «Ким інім, маңайыңа жақсы жігіттерді жинап, қорғаныс ісінің келешегі болуы үшін және әскеріміз мығым болуы үшін қажетті құжаттарды жаз. Бізге Әскери доктрина керек. Мен әскери практика жөнінен жұмыстанайын, сен әскери теория барысын бекемде. Сөйтіп, еліміздің қорғанысын нығайтайық», - деген еді.

Еліміз егемендігін нақтылай түскен тұста тұңғыш Қазақстан Президенті халқына жасаған қызметін ескере отырып Сағадат ағамызға Халық қаһарманы деген атақты және сол атқа лайық нөмірі бірінші куәлікті табыс етті. Бұл дегеніңіз – батырға құрмет, елін сүйген ерге құрмет, еңбегі артқан азаматқа құрмет!

Сағадат аға көп жастарға үлгі болды,

көптеген шәкірттерін генерал атағына жеткізді. Ол кісі қашанда өзінен кейінгі буынға «Сендер жассыңдар, қашанда бір шешім қабылдар болсаңдар елімнің ертеңіне себі тиеді деп ойланып барып шешім етіңдер. Еліміздің келешегі сендердің қолдарыңда, ата-бабамыз аңсап өткен Тәуелсіздіктің туын биік желбіретіңдер», деп ағалық, әкелік ақылын айтып отырушы еді. Сол ағамыздың аманатына жас буын лайық болуы керек».

Тұла бойы тұнған мейірімділік

Парламент Мәжілісінің бұрынғы депутаты Абай Тасболатов Сағадат Қожахметұлын былай еске алады: «Тұңғыш Президент қорының қолдауымен республикалық «Генералдар кеңесі» қоғамдық қорының бастамасымен түсірілген Сағадат Нұрмағамбетовтың өмір өрнегіне салған ізінен сыр тарқататын «Міндет. Абырой. Ерлік». («Долг. Честь. Отвага.») деген деректі фильмде Сағадат Қожахметұлы жайында пікір білдірген азаматтар «Бауыржан Момышұлы оны «сыпайы генерал» дейтін еді», - деп еске алды. Бұл – батырдың батырға берген шынбағасы. Сағадат Нұрмағамбетовтың қарамағында жылдар бойы еңбек етіп, шәкірті атанып, қомдап түлеп ұшсақта, болмысы болаттай берік, мінезі жібектей жұмсақ Сағадат Қожахметұлы

жайлы гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлынан асырып сөз айту мүмкін еместей. Сондықтан да «сыпайы генерал» атанған Сағадат ағамыздың шын сардарлық келбетін ашатын сан қырлары жетерлік. Әлі есімде ағаның айтқан сөздері: «Адамға әуелі тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – тұл», сосын да армия тек ұлттық қауіпсіздіктің ғана емес, сонымен бірге адамшылықтың, адалдықтың, әділдіктің, мейірімділіктің, жоғары мәдениеттіліктің де кепілі болуы тиіс. Осы жағынан әсіресе, қазақ баласының адамшылығы, жігерлігі, қайраттылығы, қабілеті ешкімнен кем емес».

Иә, Сағадат ағамыздың тағы бір ерекшелігі – талаптылығы, жауапкершілігі, есте сақтау қабілетінің мықтылығы, жанының жайсаңдығы, адалдығы, ақниеттілігі, сабырлығы, қамқорлығы көп кісінің көңілін мамыражай күйге бөлегенінің талай куәсі болдық. Атақты жазушы Ғабит Мүсірепов өзінің кейіпкері туралы айтқандай: «Тұла бойы тазалықтан ғана, бауырмалдықтан ғана, айнамас, бұлжымас мейірімділіктен ғана жаралған жан...». Осындай ізгі қасиеттердің мәдениеттілік





белгілері Сағадат ағамыздың бойынан да көрінетін. Көп жылдар бойы Қарулы Күштерде тәрбие мәселесімен айналысып келе жатқан тәжірибелі, атақты ұстаз генерал-майор Марат Нағұманов бұлай деп Сағадат ағаны еске алып еді: «Шынын айтса, Сағадат Қожахметұлының есімі көп адамдарға, әсіресе, әскерилерге ертеден қалыптасқан. Мен өзім де жүрген жерімде батыр ағаны мақтанышпен айтамын. Ал, Прибалтика әскери округінде қызмет етіп жүрген кезімде, генерал, офицерлерден жылы сөзбен еске алғандарын естігенмін. Неге десеңіздер? Кезінде погон таққандардың көбі Нұрмағамбетовтың қасында қызметтес болып, әскери жолында маңызды тәжірибе алып, сондай-ақ адамшылықтың, сенімдіктің, қамқорлықтың, бауырмалдықтың, қарым-қатынастың, сабырлықтың күші қандай екеніне батыр қолбасшыдан

үйренгендерін білемін. Бүгінгі күні қазақ ортасында да Сағадат ағаның есімі кең тараған. Ұлы Отан соғысы басталысымен Сағадат Нұрмағамбетов жасы әскерге шақыруға жетпесе де әскери комиссариат қызметкерлеріне дамыл бермей, қайта-қайта майданға сұранады. Не керек, жігерлігінің, қайсарлығының арқасында арманына жетіп, майданға аттанады.

Өмір жолдары

Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов 1924 жылы 25 мамырда Ақмола облысының Ақкөл ауданында (бұрынғы Алексеев ауданы) өмірге келген. 1942 жылы мектептен Қызыл Армия қатарына шақырылып, Түркіменстанның Кушка қаласындағы әскери училищеге жіберілді. Оқуын бітірген соң 1943 жылдың сәуір айында майданға аттанды. Осыдан кейінгі екі жыл бойы пулемет взводының, пулемет ротасының командирі, 5-екпінді армияның II дәрежелі Суворов орденді 301-Донецк атқыштар дивизиясының 1052-атқыштар полкі құрамында батальон командирі лауазымында жауға қарсы шайқасты.

1945 жылы 27 ақпанда Польша

жерінде жау қорғанысын бұзып өту кезіндегі жауынгерлік тапсырманы ержүректілікпен орындап, көрсеткен ерлігі үшін оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Осыдан соң майор Сағадат Нұрмағамбетовтің батальоны рейхсканцелярия ғимаратына жасалған шабуылға қатысып, қаһарман қазақ ұланы соғысты Берлинде аяқтады.

Ол 1946-1949 жылдар аралығында Мәскеудегі М.Фрунзе атындағы Әскери академияны тәмамдап, Орта Азиядағы Түркістан әскери округіне полк басқаруға жіберілді. Содан соң әртүрлі штабтық, командалық лауазымдарда, оның ішінде Қазақ ССР Азаматтық қорғаныс штабының бастығы, Орта Азия әскери округі қолбасшысының орынбасары, Оңтүстік топ әскерлері қолбасшысының бірінші орынбасары (Венгрия) қызметін атқарды. КСРО Қарулы Күштері Бас штабының академиясындағы курстарда оқыды.

Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов 1989 жылдан бастап Қазақ ССР соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіндегі Ардагерлер мен Қарулы Күштер мүгедектері істері комитеті төрағасы қызметтерін атқарды.

1991 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің төрағасы, ал 1992 жылғы 7 мамырда республика Қорғаныс министрі болып тағайындалды. 1994 жылғы 23 мамырда Мемлекет басшысының Жарлығымен Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовке Халық қаһарманы атағы мен №1 «Алтын Жұлдыз» табыс етілді. 1995 жылғы қарашада Армия генералы атағымен отставкаға шығып, ел Президентінің кеңесшісі болды.

Оның жауынгерлік және қайраткерлік өмір жолындағы ерліктері мен еселі еңбектері жоғары бағаланып, көптеген КСРО наградаларымен, Қазақстанның және шетелдердің ордендерімен марапатталды.

**Отставкадағы полковник
Сапарғали ЖАҒЫПАРОВ,
әскери журналист, халықаралық,
Қазақстан Республикасының
Парламент, Журналистер Одағы
сыйлықтарының иегері**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНЕ 30 ЖЫЛ





«АЙБЫНДЫ ЭСКЕР»: МИССИЯ ПРОДОЛЖАЕТСЯ

В этом году, в год празднования 30-летия Вооруженных Сил, оборонное ведомство проводит ряд мероприятий по военно-патриотическому воспитанию подрастающего поколения. Одним из них стала работа информационно-разъяснительной группы Министерства обороны в регионах страны, проводимая в рамках реализации поручения Главы государства по повышению имиджа воинской службы и мотивации молодежи к выполнению воинского долга. Ветераны Вооруженных Сил, представители оборонного ведомства встретились с учащимися учебных заведений, студентами военных кафедр, воспитанниками детско-юношеского военно-патриотического движения «Жас Сарбаз» с тем, чтобы рассказать о казахстанской армии, особенностях службы, социальном пакете военнослужащих, поступлении в высшие военные учебные заведения и ответить на другие вопросы.

В военно-патриотической акции «Айбынды эскер» приняли участие и наши корреспонденты, которые вместе с информационно-разъяснительной группой побывали в городах Кокшетау, Петропавловск, Экибастуз и Павлодар.

Стоит отметить, что, помимо «Айбынды эскер», ранее в регионах страны прошла военно-патриотическая акция «Күшіміз – бірлікте». В ходе нее информационно-разъяснительная группа Министерства обороны встретилась с военнослужащими и их семьями, разъяснила требования и задачи Президента страны по реформированию, техническому оснащению армии, поддержанию боевой готовности и высокого морального духа военнослужащих, а также ответила на интересующие вопросы, некоторые из которых были решены на местах. На встречах было отмечено, что идет переформатирование воспитательной и идеологической работы, которая направлена на поддержание и повышение морально-психологической устойчивости военнослужащих.

Разъяснить миссию защитника Родины

Первый этап работы информационно-разъяснительной группы, состоящей из представителей МО РК, сотрудников Государственного военно-исторического музея Вооруженных Сил, а также артистов Центрального военного ансамбля Национального военно-патриотического центра ВС РК, проходил по маршруту



Нур-Султан-Кокшетау-Петропавловск-Нур-Султан.

- В свете Послания Президента страны сегодня все общество должно сплотиться для построения Нового Казахстана. Со своей стороны мы уделяем внимание разъяснению подрастающему поколению миссии защитника Родины. Уверен, что современная молодежь в будущем станет достойным пополнением рядов Вооруженных Сил, – отметил представитель Департамента воспитательной и идеологической работы Генерального штаба полковник Бисен Жакыпов.

Первую остановку информационно-разъяснительная группа совершила в Кокшетау, где был запланирован ряд мероприятий. Сделав памятное фото на въезде в город, группа разделилась. Сотрудники музея отправились готовить импровизированную выездную выставку, а артисты ансамбля репетировать свои номера для концерта.

Офицеры же отправились на цере-

ми были слова представителя Департамента воспитательной и идеологической работы полковника Бисена Жакыпова, отметившего, что война перестает пахнуть порохом, как будто представая в памятниках и книгах, застыв в музеях, хрониках кинолент, оставаясь живой в нашей памяти.

- Это событие – одно из самых трагических в истории человечества. С той войны не вернулись миллионы солдат. Но благодаря их мужеству и героизму миллионы людей живут сегодня под мирным небом над головой. Не забывать их подвиг – это наш долг, – сказал он.

Торжественное мероприятие завершилось церемонией возложения цветов к Вечному огню.

Следом члены делегации информационно-разъяснительной группы отправились в Высший технический колледж г. Кокшетау, где гостей встретил почетный караул, а также студенты колледжа, для которых был проведен «Урок мужества», где ребятам объяснили важность профес-

сии военнослужащего.

Программа торжественных мероприятий в Кокшетау завершилась выставкой Государственного военно-исторического музея ВС РК и торжественным концертом, состоявшимися во дворце культуры «Достар».

На выставке «Казахстанцы в годы Великой Отечественной войны» школьникам и студентам была представлена малая часть экспонатов музейного фонда (около ста экспонатов). Целью данной выставки явилось увековечение памяти о героизме казахстанцев и их вкладе в Великую Победу. Сотрудники музея продемонстрировали гостям образцы стрелкового оружия, уменьшенные копии боевой техники, а также большую экспозицию, посвященную Великой Отечественной войне, на которой были представлены архивные фотографии и личные вещи участников тех сражений.

На концерте Центрального военного ансамбля НВПЦ ВС РК артисты представили вокальные, инструментальные и танцевальные номера. С особой теплотой зрители восприняли композицию «Мен қазақпын», которую они встретили стоя и бурными овациями.

Служба в армии – почетное дело

На следующий день автобус с информационно-разъяснительной группой продолжил свой путь в город Петропавловск, где также состоялся ряд мероприятий. Как и в Кокшетау, первым делом члены делегации оборонного ведомства отправились на церемонию возложения цветов к монументу боевой славы «Вечный огонь», в которой также приняли участие военнослужащие, ветераны Во-



монии возложения цветов к монументу «Вечный огонь» города Кокшетау. Приветствуя собравшихся участников торжественного мероприятия, заместитель акима Акмолинской области Елдос Рамазанов отметил, что Вооруженные Силы нашей страны – это профессиональная боеспособная армия, оснащенная современными образцами вооружения и техники и обладающая мощностью и мобильностью. Он также заострил особое внимание на том факте, что ежегодно ряды Вооруженных Сил пополняют около 2 тысяч новобранцев из Акмолинской области, которые с гордостью несут свою службу, отдавая долг Отчизне.

В столь значимом месте особо весомы-





оруженных Сил и молодежь. Почтив память героев войны минутой молчания, участники торжественной церемонии возложили цветы.

Торжественный визит информационно-разъяснительной группы продолжился в драматическом театре имени Н. Погодина города Петропавловска, где гостям была продемонстрирована выездная выставка и концерт.

Выступая перед гостями концерта, полковник Бисен Жакыпов отметил, что героическая защита Родины – это историческая традиция казахского народа, имеющая глубокие корни и уходящая в «седую древность», когда народ был вынужден с оружием в руках защищать свою землю и свободу от вражеских нашествий. Он также добавил, что в наше время защита Родины



обеспечивается Вооруженными Силами.

- Служба в армии является не только конституционным долгом каждого гражданина, но и почетным делом. Проходящие воинскую службу закаляются как физически, так и духовно. В них формируется твердая жизненная позиция. Сегодня в Вооруженных Силах разработан комплекс мер, условно обозначенный как «социальный пакет военнослужащего», направленный на повышение престижа воинской службы, обеспечение социальных гарантий для военнослужащих со стороны государства, - отметил он.

Об особенностях и преимуществах воинской службы по контракту участникам мероприятия рассказал старший офицер (по исковой работе) управления договор-

ной и исковой работы Юридического департамента МО РК капитан Алмат Смагулов. В ходе своего выступления он пояснил, что на современном этапе развития Вооруженных Сил Законом «О воинской службе и статусе военнослужащих» для военнослужащих по контракту предусмотрены следующие льготы: обеспечение денежным довольствием, жильем, бесплатное медицинское и вещевое обеспечение и пр.

С приветственным словом выступил заместитель акима Северо-Казахстанской области Гани Ныгыметов. Он отметил, что со дня создания Вооруженных Сил проведена большая работа по выработке законодательной базы и механизмов строительства армии независимого Казахстана.

- Казахстан стал первым государством Центральной Азии, принявшим военную



доктрину, которая предусматривала как меры по предотвращению войны, так и меры по защите суверенитета и территориальной целостности нашей страны. Казахстан – это миролюбивая страна, выстраивающая дружеские отношения со всеми государствами. Сегодня, встречая 30-летний юбилей, казахстанские военнослужащие верны славным традициям своих предшественников, чьи имена вписаны золотыми буквами в историю Отечества, – сказал Гани Ныгыметов, выразив особую благодарность ветеранам Вооруженных Сил, отдавших силы и знания избранному делу.

По окончании запланированных мероприятий члены информационно-разъяснительной группы возвращались домой



с чувством выполненного долга. Однако их миссия продолжилась совсем скоро в городах Экибастуз и Павлодар.

На примере героического прошлого

Второй этап работы информационно-разъяснительной группы проходил по маршруту Нур-Султан-Экибастуз-Павлодар-Нур-Султан.

На построении в столице руководитель второго этапа информационно-разъяснительной группы генерал-майор запаса Муқан Дюсекеев по-военному четко обозначил задачи и планы этой поездки. Затем группа, в которую вошли представители Министерства обороны, артисты Национального военно-патриотического центра, сотрудники Государственного военно-исторического музея Вооруженных

Сил, отправилась на агитационном автобусе с логотипом «Вооруженным Силам –

30 лет» в Экибастуз.

По прибытии состоялось возложение цветов и венков у Обелиска Славы. В своей приветственной речи перед подрастающим поколением города, военнослужащими, ветеранами Вооруженных Сил генерал-майор запаса Муқан Дюсекеев отметил мужество и героизм воинов, которые защищали Родину в годы Великой Отечественной войны.

- Каждая казахстанская семья испытала тяжесть войны на себе. Перед войной в нашей стране проживало 6 миллионов 200 тысяч человек, из них 1 миллион 200 тысяч были призваны на войну, половина из них не вернулись домой, - сказал он. - Во всех без исключения битвах – в битве за Брестскую крепость, в обороне Москвы и Ленинграда, Сталинградском и Курском сражениях, освобождении оккупированных территорий России, Украины, Беларуси, Молдовы, Прибалтики,



Восточной и Центральной Европы, и до водружения знамени Победы над рейхстагом в Берлине, участвовали наши земляки-казахстанцы.

Генерал-майор запаса Муқан Дюсекеев подчеркнул, что в годы войны в Казахстане формировались одни из лучших частей и соединений Красной Армии. Из Павлодарской области на войну были призваны 46 тысяч человек. 23 человека из этой области удостоены звания Героя Советского Союза.

- На примере героев должна расти молодежь, и поэтому связь поколений так ценна для нас. Пусть войны останутся в прошлом, а нынешнее поколение, помня уроки истории, уверенно строит процветающий Казахстан, - сказал руководитель информационно-разъяснительной группы.

В рамках патриотической акции для старшеклассников общеобразовательных школ города провели «Урок мужества». Школьникам объяснили, что нужно сделать, чтобы стать курсантами военных учебных заведений, рассказали об условиях, созданных государством для военнослужащих. Ребята интересовались, какие специальности можно получить в армии, а также как с ее помощью реализовать свои способности, умственный и творческий потенциал.

Выставка Государственного военно-исторического музея ВС РК в городском Доме культуры «Өнер», экспонаты которой посвящены истории участия казахов в Великой Отечественной войне, где собраны образцы военной техники, стоящей на вооружении армии, привлек-



ла особое внимание юношей.

Общаясь с сотрудниками музея на экскурсии, ребята показали хорошие знания истории родной страны, задавали вопросы о жизни и подвигах солдат и офицеров той войны. Студент колледжа Алихан Омарбек отметил, что с интересом изучает историю наших предков и рядом со стендом, посвященным Рахимжану Кошкарбаеву, рассказал о его подвиге. По его словам, рассматривая личные вещи воинов, защищавших нашу землю, еще больше чувствуешь неразрывную связь с прошлым.

Активист Совета ветеранов города Надежда Денисова пришла на выставку, чтобы больше узнать об истории родной страны и ее героических личностях прошлого.

- Люди совершали огромные подвиги ради мира на нашей земле, нам важно помнить об этом и беречь мир, - сказала Надежда Александровна.

- Сегодня

особенное мероприятие в нашем городе. Уверена, оно сподвигнет многих школьников и студентов выбрать профессию защитников Родины. Ребятам показали видеоролик о трёх друзьях, которые еще в детстве решили стать военными, и их мечта осуществилась. Такие примеры из жизни военнос-

лужащих очень вдохновляют. Заметила, что во время звучания гимна ребята пели его – это большой показатель того, что в их сердце живет любовь к родной земле. Тот ребенок, у которого есть это чувство, будет служить на благо Родине, - отметила директор культурного центра «Атамұра» Нурсулу Толеубаева.

К слову, в своих детях Нурсулу Еркебаевна с ранних лет сеяла зерна этой любви. Окончив консерваторию в Алматы, ее сын Даурен решил связать свою жизнь с военной сферой. Он стал военным артистом.

- Горжусь тем, что Даурен в рядах Вооруженных Сил, что через песни он поднимает боевой дух военнослужащих, помогает слушателям ощутить в своем сердце, осознать патриотические чувства.

Завершив свою миссию в Экибастузе и немного отдохнув, ранним утром агитационный автобус отправился в Павлодар.

Встречи, которые мотивируют

Свой вклад в увеличение числа желающих исполнить свой гражданский долг перед Родиной, а также поступить в военные вузы страны внесла информационно-разъяснительная группа Министерства обороны и в Павлодаре.

По аналогии с предыдущими выездами здесь состоялась церемония возложения цветов у Обелиска Славы в парке Победы в день памяти казахов, защищавшим Родину в годы Великой Отечественной войны.

Встреча с подрастающим поколением была организована в средней школе №14 и городском дворце культуры им. Естая. Старшеклассникам общеобразовательных школ, студентам колледжей рассказали о порядке прохождения воинской службы, преимуществах социального обеспечения военнослужащих.





- Служба в армии - обязанность каждого мужчины, это почетно. Внутри каждого из нас есть такой стержень – патриот, защитник Родины. За вами – будущее, верю, что вы будете достойными защитниками Отечества, продолжателями славных дел казахских батыров, дедов и отцов, - сказал генерал-майор запаса Мукан Дюсекеев, ветеран ВС РК, исполнявший интернациональный долг в Афганистане в отряде Кара Майора.

Он также подчеркнул, что и девушки могут пополнить ряды армии.

Особый интерес школьники проявили к перспективам воинской службы по контракту и по вопросам поступления в военные учебные заведения.

- Молодые люди, решившие связать свою жизнь с военной профессией, могут поступить не только в военные вузы Казахстана, но и в зарубежные учебные заведения. Большим преимуществом является то, что обучение проводится за счет государства, - отметил представитель информационно-разъяснительной группы полковник запаса Гани Артыков.

О батырах и героях прошлого и современности, различиях видов и родов войск современных Вооруженных Сил, о сборе молодежи «Айбын» на встрече с ребятами поговорил представитель Департамента воспитательной и идеологической работы Генерального штаба полковник Бисен Жакыпов.

По словам представителя Департамента воспитательной и идеологической работы Генерального штаба подполковника Даулета Бейсекова, важно растить молодежь на примере героев. Зная историю войны, помня подвиги своих предшественников и учитывая уроки прошлого, подрастающее поколение сможет стро-



ить новое мирное, счастливое будущее.

В городском дворце культуры им. Естая собралась молодежь, которая активно участвует в военно-патриотическом движении, не понаслышке знает об армии и готовится к службе. Ребята были рады встретиться с ветеранами и военнослужащими Вооруженных Сил.

- Скоро придет и мое время исполнить свой мужской долг перед Родиной – период служить в армии, - отметил павлодарский десятиклассник Арлан Есенбаев. – В свободное время изучаю материалы о будущей службе, а сегодня появилась возможность задать военным людям свои вопросы напрямую и получить исчерпывающие ответы.

Участники и гости встречи поблагодарили информационно-разъяснительную группу за работу.

- Министерством обороны проведено большое мероприятие для нашего подрастающего поколения. Оно мотивирует, поднимает дух нашей молодежи. Такие

мероприятия нужны, тем более в преддверии 30-летия Вооруженных Сил, - отметил руководитель отдела по начальной военной подготовке управления образования Павлодарской области Темирбулат Аленов.

По его словам, в Павлодарской области функционируют 274 военно-патриотических клуба, в них занимаются более 6000 учащихся.

- Все поставленные задачи мы выполнили. Главная цель нашей поездки – это исполнение поручения Президента страны по повышению престижа воинской службы и мотивации молодежи к выполнению воинского долга. Кроме того, нашей целью было разъяснение отдельных положений Послания Главы государства, касающихся, прежде всего, подрастающего поколения, - отметил руководитель информационно-разъяснительной группы генерал-майор запаса Мукан Дюсекеев, когда агитационный автобус с логотипом «Вооруженным Силам – 30 лет» возвращался из Павлодара в Нур-Султан.

По мнению Мукана Естаевича, такую работу необходимо проводить во всех регионах, особенно в тех уголках нашей страны, на территории которых нет войсковых частей Вооруженных Сил.

- Мы постарались показать, разъяснить школьникам, студентам колледжей и вузов особенности службы в казахстанской армии, дали ответы на интересующие вопросы. И такие встречи не должны быть разовыми, подобная работа должна проводиться во всех регионах систематически. Не только через выезды, посредством СМИ, блогеров тоже.

**Нариман, ДЮСЕНОВ,
Лия УАЛИХАН**



Әскер – мемлекет қорғаны, елдің ел болып қалуының басты нышаны. Елімізде жасы 18-27 аралығындағы азаматтарға әскерге бару ҚР «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңына сәйкес міндетті болып саналады. Алайда, міндет әрі қастерлі борыш саналған Отан қорғау қызметінен бүгінде қашатындар көп. Президент те дәл осы тақырыпты қозғады.



ӘСКЕРГЕ БАРУДЫ ПРИ- ОРИТЕТКЕ АЙНАЛДЫРУ — УАҚЫТ ТАЛАБЫ

«Көптеген жас азаматымыз Қарулы Күштер қатарында әскери борышын өтеуден қашады. Әскери билетке ие болу жастардың мақтанышын тудырмайды. Және Отанға қызмет етудің белгісі саналмайтын болды. Армия қатарында қызмет ету, құқық қорғау саласында жұмыс істеу – айрықша миссия. Бұл – Отан үшін жанын салуға бел буған азаматтардың саналы таңдауы. Жастарымызды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға болатынын біз бүкіл қоғам болып ойластыруымыз керек», - деді ҚР Мемлекет басшысы,

ҚР Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысы Қ.Тоқаев.

Иә, кешегі аға буын тұсында абырой саналған әскери қызметтен жастар бүгінде неге қашады? Заңда әскерге барудан жалтарғандарға қандай жаза қарастырылған? Биылғы 2022 жылғы көктемгі әскерге шақырудың ерекшеліктері қандай? Осы сұрақтар төңірегінде жауап іздеп көрейік.

1 наурызда 2022 жылғы көктемгі әскерге шақыру науқаны басталды. «1 наурыздан бастап жергілікті атқарушы

органдардың әскерге шақыру пунктерінде әкім орынбасарының төрағалық етуімен қалалық және аудандық әскерге шақыру комиссиялары жұмыстарын бастады. 2022 жылғы 1 наурыздан бастап 17 мыңнан астам жас Қарулы Күштер қатарын толықтырады деп жоспарланып отыр», - деп мәлімдеді Қарулы Күштер Бас штабы ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментінің бастығы Сәкен Жүсіпов. Нұр-Сұлтан қаласы бойынша көктемгі науқанда 800-ден астам азаматты әскерге жіберу жоспарланса, олардың алғашқы



легі 100 жас әскер қатарын толықтырып та үлгерді.

Жалпы жыл сайын орта есеппен әр шақырылымда 16 мың жас әскерге шақырылады екен. Биылғы 2022 жылдың көктемінде 90 мың жастың 17 мыңға жуығы әскерге шақырылған. Бұл армияның 30 пайызын ғана құрайды. Отан алдында борышын өтеуге баратындардың 80 пайызы – қазақтар. Қалғаны – өзге ұл өкілдері. Жыл сайын жергілікті әскери басқару органының пункттерінде 1000-ға жуық бозбаланың әлеуметтік-психологиялық жағдайын тексеріп, жөнелтеді. Бұл қатарға 18-27 жас аралығындағы азаматтар жатады. Қазір әскерге шақырылғандарды SMS хабарлама арқылы уақтылы хабардар ету қолға алынды.

Ғани Артықов, Нұр-Сұлтан қаласы қорғаныс істері жөніндегі департаментінің өкілі:

– СМС арқылы шақыру уақыт жағынан да, қаражат жағынан да, тиімділігі жағынан да өзінің оң нәтижелерін беріп отыр. Осы жастарымызды смс хабарландыру арқылы әскерге шақыруды бастағалы бері әскерге шақыру пункттеріне келмеушілер саны азайып келеді.

Өткен жылы Отан алдындағы борышын өтеу жасындағы 215 мың азаматтың тек 15 пайызы, яғни 32 мың жас әскери құрылымдарға шақырылған.

180 мыңнан астамы түрлі себептермен кейінге қалдырылған. Мамандар әскер жасындағы жігіттердің шамамен 20-25%-ы әскерге жарамсыз деген пайым жасап отыр. Бұрындары майтабан, белдің қисаюы сынды аурулар белең алса, қазір көз аурулары көбейген. Дәрігерлер 100 жігіттің тек 7-8-і ғана әскерге жарамды дейді. Жастарды әскерге алуда алған біліміне мән беріліп, психоэмоционалдық жағдайы маңызға ие болатын болғанымен, ең бірінші кезектегі басымдық қашанда денсаулығына беріледі.

Ермек Ержанов, Әскерге шақыру комиссиясының төрағасы:

– Бірінші орында – көз аурулары. Екінші зат алмасудың бұзылуы дейді, яғни іш құрылысы аурулары. Үшінші орында – дененің ауытқушылығы, яғни майтабан, скалиоз дегендей. Төртінші орында – жүйке жүйесі аурулары.

Бұл – өткен жылғы көрсеткіш. Кез келген жұмыс «көк жәшіктің» көмегімен шешілетін ақпараттық технологиялар заманында алыстан көрмеушіліктің белең алуы жастармен қатар балалар арасында да кең тарауда.

Қазір әскерге бармайтындар да, барғысы келмейтіндер де көп. Себебін іздеп көрейік.

Әскерге бару, бір жыл мерзімді әскери қызметті өткеру материалдық тұрғыда

тиімсіз дейтіндер бар. Несие – әскерге шақырылушылардың да басындағы мәселе. Жастардың көбінің мойнында қазір несие бар. Ал әскерге кетті екен деп бірде-бір банк несие төлеу уақытын кейінге шегермейді, яғни бір жылдық үстеме пайыз өсіп кетеді.

Мариям, Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны:

– Қорқамыз ғой енді. Ана жерде сарбаз қайтыс болды, мына бөлімде өз өзіне қол жұмсады деп жатады. Кім баласын бергісі келеді. Сол үшін оқуға түсіреміз, оқығаннан кейін үйлендіреміз.

Әртүрлі қайғылы оқиғаларды естіген ата-аналар баласын әскерге жіберуге үрейленеді. Яғни, ата-анасы қарсы болғаннан кейін әскерге бармайтындар бар.

Қазіргі кезде жастардың әскерге бармауының тағы бір себебі – толық емес отбасылардың жиілеп кетуі. Ата-анасы ажырасып кеткен, яғни әке тәрбиесін көрмеген отбасындағы ер балалар көбінесе әскерге барудан қашып жатады. Осындай фактілердің жиі кездесуі де әскерге бармайтындардың қатарын көбейтіп отыр.

Адамнан айла асқан ба?! Тұрғылықты мекенін өзгертіп көрсетіп, денсаулығы жарамсыз деген қағазды сатып алып келетін пысықайлар да бар. Бірақ әскерге



бару-бармау мәселесі заңмен бекітілген. Кімдердің әскерге баратыны, ал кімдер әскерден босатылатыны заңда толық көрсетілген. Мәселен, күндізгі оқу орнында оқитындар оқуын аяқтағанша әскерге бармайды, одан кейін міндеттеледі. Үйленген не бір баласы бар азаматтар мен денсаулығы жарамсыздар әскерден босатылады. Қазіргі күнде 263 мың 318 теңге төлеп, 40 күндік ақылы даярлықтан өтетіндердің қатары көбейген. Ал әскерден қашып, жалтарып жүргендер жазаға тартылады.

Артур Каскарауов, Нұр-Сұлтан қаласы қорғаныс істері жөніндегі департаменті басшысының орынбасары:

– ҚР Қылмыстық кодексінің 387-бабына сәйкес әскери қызметке шақырудан жалтарған азаматтарға 1000 АЕК айыппұл немесе 1 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Сонымен қатар медициналық жалған құжат жасап немесе өз денсаулығына зиян келтірген жағдайда 1 жылдан 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы заңмен тағайындалған. Шақырушының медициналық комиссияға келмегеніне 5 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Бірақ бұл әскерге шақырудан азаматты босатпайды.

Еліміз бойынша бас бостандығынан айырылып, еңбекпен түзеу колониясына кетіп жатқан азаматтар жоқ дейді мамандар. Ал айыппұл салынып жатқан азамат-

тар бар екен. Соңғы жылдары бірнеше азамат сот шешімі бойынша әртүрлі санаттарда қоғамдық жұмыстарға тартылған.

Әскер, Отан қорғау, шекараны қырағылықта ұстау мәселесі өзекті болып отырған бүгінгі қоғамда жастарымызды әскерге қарай ынталандырмақ керек? Мемлекет басшысы да «Жастарымызды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға болатынын біз бүкіл қоғам болып ойластыруымыз керек», - деп көпшілікке ой тастады. Осы ретте, сенатор Бекболат Орынбек үкіметке әскерден қашқандарды жазалау емес, қайта ынталандыру жолдарын қарастыру керек деген ұсыныс айтады.

Бекболат Орынбеков, ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

– Әскерге барып келген азаматтарға білім беру орындарында қосымша жеңілдіктер қарау, оның ішінде оқуға түсу емтихандарын тапсыру кезінде қосымша балл түріндегі жеңілдіктерді немесе әскери кафедрада білім алуға жұмсалатын мемлекет шығынына тең мөлшердегі жеңілдіктерді беру керек. Тұрғын үй сатып алу немесе білім алу үшін әскери қызметшілердің ақшалай қамтылымы мөлшерін ұлғайту және отбасы мүшелерінің коммуналдық қызмет төлемдеріне жеңілдік беру. Үшінші – шақыру алған жастарды одан әрі жұмысқа орналастыру үшін қызметін өткеру кезеңінде техникалық және құрылыс инженерлік мамандықтар бойынша

оқытуды ұйымдастыру.

Ғани Артықов, Нұр-Сұлтан қаласы қорғаныс істері жөніндегі департаментінің өкілі:

– Бұрын әскерге шақыруды кейінге қалдыру жеңілдігі ауыл мұғалімдері мен ауыл дәрігерлеріне ғана болса, қазір қалада да жұмыс істейтін, мектеп орындарында жұмыс істеп жүрген азаматтарымызға да сондай жеңілдіктер берілетін болып отыр. Бұл біздің заң аясында барлық сұрақтарды толығымен қарастырып, толығымен жағдайды көріп отырғанымыздың нәтижесі деп ойлаймын.

Иә, қазіргі жастар арасында әскерге баруды приоритетке айналдыру – бүгінгі күн талабы. «Мен Отанымды қорғаймын!» дейтін патриотты тәрбиелеу бесіктен, «отбасы – ошақ қасынан», үйдегі әке институтынан басталып, мектептегі алғашқы әскери дайындық пәні, жоғарғы оқу орнындағы әскери кафедра, ары қарай мерзімді әскери қызметпен жалғасуы керек.

Ақмарал Зеренханова, әскери дайындық сабағының мұғалімі

– Бізде мектепте алғашқы әскери дайындық сабағына 40 минут берілген. 40 минут деген өте аз. 5 минут рапортқа кетеді, ар жағында 35 минут қалады. Алғашқы әскери дайындық пәніне ол өте аз. Және аптасына бір-ақ рет болады.

Мектеп, ЖОО-дағы әскери кафедра-сы бар әскердің әліппесін үйрететін кафедраларда сабақ құрылымы сол бұрынғы тәртіп, бұрынғы жүйемен келе жатыр. Көңілге демеу сыйлайтыны – «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысының республика көлемінде жандана бастағандығы, жыл сайын «Айбын» республикалық жастар жиынының өткізіліп тұратындығы. «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деп Алаш қайраткері Әлихан Бөкейхан айтпақшы, ертең елінің егесі, мемлекетінің қорғаны боларлық отбасында патриоттық тәрбие көрген, «жас сарбаздықтардың» қатарында шыңдалған жастар жоқ емес, баршылық. Ертеңгі елдің қырағы шекарашысы да, кәсіби әскері де, озық ойлы, батыр жүректі қорғаны да солар!

Әскер – мемлекеттің басты нышаны. Биыл еліміздің Қарулы Күштерінің құрылғанына – 30 жыл. Ел тыныштығын күзетуде тыңбай еңбек етіп, тәуліктің жиырма төрт сағатында ел шетінде, жау өтінде жүрген жандарға толағай табыстар тілейміз!

Меруерт САФАЕВА



“ЦИФРОВОЙ ВОЕНКОМАТ” УСПЕШНО ФУНКЦИОНИРУЕТ В КАЗАХСТАНЕ

Пилотный проект «Цифровой местный орган военного управления» доказал свою эффективность в формировании единой информационной среды и обеспечении доступности для граждан государственных услуг, оказываемых Министерством обороны.

В Послании народу Казахстана Президент страны Касым-Жомарт Токаев отметил, что в современном мире одним из главных факторов конкурентоспособности является глубинная цифровизация. Она исключит дублирование, неэффективные затраты и бюрократию.

Пилотный проект «Цифровой местный орган военного управления» реализовывался в течение 2020-2021 годов. Его практической реализации предшествовала большая аналитическая работа, проведенная Департаментом организационно-мобилизационной работы Генерального штаба Вооруженных Сил Республики Казахстан по всем направлениям деятельности местных органов военного управления.

В соответствии с Положением о МОВУ Республики Казахстан, утвержденным приказом Министра обороны РК от 24.12.2015 года №733, местные органы военного управления, создаваемые Правительством страны, – это система органов военного управления, обеспечивающая реализацию норм Конституции и иных нормативных правовых актов в области обороны и Вооруженных Сил на территории областей, городов и районов Республики Казахстан.

Систему местных органов военного управления составляют департаменты, управления и отделы по делам обороны, в том числе департаментов по делам обороны – 17, управлений по делам обороны – 30, отделов по делам обороны – 165.



Положением на местные органы военного управления возлагается решение следующих задач: обеспечение реализации норм Конституции и иных нормативных правовых актов РК в области обороны; проведение совместно с местными исполнительными органами мероприятий мобилизационной подготовки и мобилизационного развертывания; участие в мероприятиях территориальной обороны; проведение совместно с местными исполнительными органами приписки граждан к призывным участкам, призыва граждан на срочную воинскую службу, призыва на воинскую службу офицеров запаса, призыва на воинские сборы и набора на воинскую службу по контракту в ВС РК. Среди других

задач - взаимодействие с территориальными подразделениями ведомства уполномоченного органа в сфере гражданской защиты; координация выполнения мероприятий военно-транспортной обязанности в РК; организация совместно с местными исполнительными органами, мероприятий по подготовке граждан к воинской службе в мирное и военное время.

Ключевыми функциями местных органов военного управления являются учет призывников, учет транспортных ресурсов, предоставление государственных услуг, учет военнообязанных (офицеры запаса, солдаты-сержанты запаса), учет льготной категории граждан (ветераны ВОВ, ЧАЭС, ДРА); призыв граждан на срочную

воинскую службу (призыв военнообязанных на учебные (специальные) воинские сборы).

Как известно, воинский учет – система учета и анализа количественных и качественных данных о призывниках, военнослужащих и мобилизационных ресурсах.

Воинский учет до настоящего времени велся в Подсистеме учета мобилизационных ресурсов, являющейся составной частью АСУР ВС РК и созданной для формирования базы данных персонального учета мобилизационных ресурсов, а также обеспечения качественного комплектования людскими и транспортными ресурсами.

В процессе эксплуатации Подсистемы учета мобилизационных ресурсов, имели место следующие недостатки: присутствие «человеческого» фактора при наполнении базы данных, временные затраты при реализации функций МОВУ, отсутствие автоматизации процессов, отсутствие интеграций с информационными системами государственных органов, невозможность онлайн актуализации сведений, сложности при оказании государственных услуг населению.

Проанализировав указанные недостатки, в целях получения единой информационной среды с возможностью мониторинга каждого гражданина (военнообязанного и призывника), повышения эффективности системы воинского учета, улучшения качества и доступности государственных услуг, минимизации коррупционных рисков, построения системы, в центре которой находятся гражданин и информация о нем, разработан Пилотный проект «Цифровой МОВУ».

Пилотный проект реализован по следующим направлениям: сбор, обработка и обмен данными между информационными системами государственных органов; организация воинского учета граждан и транспортных ресурсов; организация призыва граждан на срочную воинскую службу; работа по предоставлению отсрочек и освобождению от призыва на воинскую службу; оптимизация процессов оказания государственных услуг.

По результатам Пилотного проекта:

1) обеспечен полный охват воинским учетом мужского населения страны от 16 до 60 лет, а также транспортных средств юридических и физических лиц за счет модификации Интеграционного шлюза МО РК и его интеграции с информационными системами других государственных органов;

2) созданы электронные учетные карточки (профайл) на каждого военнообязан-



ного и призывника, с данными о регистрации места жительства, состоянии здоровья, образования, состоянии на диспансерных учетах, наличии (отсутствии) судимости, а также места работы;

3) получены данные о зарегистрированных в стране транспортных средствах и их техническом состоянии;

4) в рамках совершенствования воинского учета проведена интеграция подсистем кадрового учета и учета мобилизационных ресурсов, что позволило исключить «человеческий фактор» ошибки в сведениях при наполнении баз данных, исключить необходимость обращения в МОВУ для постановки на воинский учет при увольнении из рядов ВС РК (это можно будет сделать в автоматическом режиме), исключить бумажный документооборот, позволило иметь достоверные сведения касательно прохождения службы, награждениям, состоянию здоровья, воинским званиям и др.;

5) оптимизированы процессы по направлениям служебной деятельности МОВУ путем их цифровизации и автоматизации (учетно-призывная работа, оказание государственных услуг);

Кроме того, в рамках цифровизации и автоматизации деятельности местных органов военного управления реализовано:

- оповещение граждан посредством SMS-сообщений через службу 1414;

- включение в личные кабинеты пользователей тgov и еgov сведений о воинском учете, таких как:

- отношение к воинской службе (категория воинского учета);

- период и место прохождения воинской службы;

- место воинского учета;

- о предоставленной отсрочке от воинской службы;

- об освобождении от воинской службы;

- создание официальных аккаунтов

каждого местного органа военного управления и электронных почтовых ящиков на сервере mod.gov.kz для обеспечения обратной связи с населением и оперативного реагирования на их обращения;

- оказание государственных услуг только в электронном формате.

Оптимизация процессов привела:

1) к отмене излишней переписки с государственными органами на местах (МИО, органы внутренних дел, прокуратура, суд, органы юстиции, органы здравоохранения, учебные заведения, юридические лица по ТС, другие);

2) к исключению прямого контакта с гражданами;

3) к отмене составления и предоставления отчетности в вышестоящие штабы (годовые, полугодовые, месячные статистические отчеты по всем видам воинского учета);

4) к снижению финансовых затрат на почтовые услуги;

5) к актуальному содержанию сведений по мобилизационным ресурсам;

6) к большему охвату призывников путем их оповещения через службу 1414;

7) к предоставлению отсрочки и освобождения от призыва на срочную воинскую службу (данные услуги реализованы через Е-лицензирование);

8) к минимизации коррупционных рисков.

В настоящее время посредством портала электронного правительства местные органы военного управления оказывают 8 онлайн-услуг. Среди них: постановка и снятие с воинского учета, отсрочка и освобождение от призыва, получение приписного свидетельства, военного билета или его дубликата, выдача справок лицам, имеющим льготы и гражданам, выезжающим за пределы Республики Казахстан на постоянное место жительства.

Процесс цифровизации и автоматизации деятельности местных органов военного управления продолжается и планируется предусмотреть сокращение ряда оказываемых государственных услуг, в том числе, по постановке и снятию с воинского учета при перемене места жительства.

Генерал-майор Сакен ЖУСУПОВ,
начальник Департамента организационно-мобилизационной работы
ГШ ВС РК,

Полковник Руслан ОМАРОВ,
старший офицер направления
Департамента организационно-мобилизационной работы ГШ ВС РК



ПРИМЕР БЕЗЗАВЕТНОГО СЛУЖЕНИЯ РОДИНЕ

26 апреля свой 55-летний юбилей отметил заместитель министра обороны Республики Казахстан генерал-майор Мухамеджан Кадиржанович Таласов.

Мухамеджан Кадиржанович родился в 1967 году в поселке Саксаульск Аральского района Кызылординской области в семье служащих. После окончания средней школы №6 г. Кызылорды поступил в Ленинградское высшее военное инженерное строительное училище (по специальности «строительство и эксплуатация зданий и сооружений»), которое окончил в 1989 году. В 2001-м завершил обучение в Казахской государственной юридической академии («юриспруденция»), а в 2006 году – Центрально-азиатском университете (финансово-экономический факультет, бакалавр финансов).

Дальнейшее образование Мухамеджан Кадиржанович получил на высших академических курсах (по направлению «военная безопасность государства») при Национальном университете обороны им. Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы. В 2018 году окончил Национальный университет обороны (по ДОТ) («менеджмент в военном деле»), а в 2021-м - докторантуру университета (PhD, «военная история»), где защитил докторскую диссертацию в диссертационном совете под руководством доктора наук генерал-лейтенанта запаса Абая Болюкпаевича Тасбулатова, и ему присвоена ученая степень доктора философии PhD.

С 1989 по 2001 годы проходил службу на различных должностях по специальности в г. Джамбуле (ныне Тараз). В 1998 году за образцовую службу ему досрочно присвоено очередное воинское звание «подполковник».

С 2001 по 2003 годы проработал в Главном управлении строительства и расквартирования войск, далее в Глав-



ном управлении материально-технического обеспечения. С 2003 по 2004 годы – начальник квартирно-эксплуатационной службы Управления командующего войсками РГК «Восток». В 2004 году был вынужден уволиться в запас по состоянию здоровья, после чего 3 года проработал на различных руководящих должностях в Агентстве по борьбе с экономической и коррупционной преступностью (финансовая полиция).

С апреля 2008 по апрель 2012 года прошел в должности начальника управ-

ления тыла УГК СВО ВС РК, заместителя командующего войсками РГК «Юг» по тылу, начальника Тыла ВС РК.

С мая 2012 по апрель 2013 года Мухамеджан Таласов – начальник Департамента по делам обороны города Астаны. С апреля 2013 года назначен на должность заместителя начальника Генерального штаба – начальника Департамента воспитательной и идеологической работы ГШ ВС РК. Указом Президента РК №16 от 5 мая 2015 года присвоено звание генерал-майора.

С ноября 2019 года занимал должность заместителя начальника Объединенного штаба Организации Договора о коллективной безопасности. С октября 2020 года – заместитель Министра обороны. Является почетным гражданином Аральского района Кызылординской области.

– За все время службы отличался порядочностью. Ответственный, волевой, целеустремленный, трудолюбивый генерал. Имеет хорошую репутацию, открытые дружелюбные отношения с коллегами, всегда отзывчив. Отличается высокой культурой общения и профессиональным подходом к работе, – говорит о генерал-майоре Мухамеджане Таласове государственный и военный деятель Республики Казахстан, Халық Қаһарманы, генерал армии Мухтар Алтынбаев.

По словам Мухтара Капашевича, возглавлявшего министерство обороны Республики Казахстан с 1996 по 1999 и с 2001 по 2007 годы, на всех должностях, во всех направлениях работы юбиляр проявлял и проявляет такие качества, как беззаветное служение Отчизне, профессионализм, четкое выполнение постав-

ленных задач и достижение результатов.

- Мне доводилось взаимодействовать с Министерством обороны будучи сенатором, проводить совместные мероприятия и отмечу, что они были плодотворны. С поставленными задачами и проблемами генерал Таласов справляется креативно, быстро и качественно. Одна из его отличительных черт - умение коммуницировать. При поставленных сложных целях всегда справляется с ними и предоставляет полезные советы. Внес большой вклад в совершенствование работы по тыловому обеспечению войск и создание воинских частей материально-технического обеспечения.

И я в 1998 году будучи Министром обороны подписал приказ о присвоении ему очередного воинского звания «подполковник» досрочно, - отмечает генерал армии Мухтар Алтынбаев.

Государство ценит заслуги Мухамеджана Кадиржановича. За успехи в деле обеспечения обороноспособности страны награжден орденами «Даң» II степени и «Айбын» II степени.

- Генерал-майор Мухамеджан Кадиржанович Таласов – один из активных участников создания Национального военно-патриотического центра Вооруженных Сил, Государственного военно-исторического музея. Хороший уровень организации позволили ему на высоком



уровне справиться с этой задачей, - подчеркивает ветеран Вооруженных Сил РК генерал-полковник Сат Токпакбаев, министр обороны Республики Казахстан с 1999 по 2001 годы.

По мнению Сата Бесимбаевича, понимание важности военно-патриотического воспитания молодежи, глубокие знания, честность, принципиальность, беспристрастность и доброжелательность Мухамеджана Кадиржановича, его природная тактичность стали критериями назначения его заместителем Министра обороны.

- Он всегда вежлив, общителен, энергичен, компетентен во всех вопросах, обладает высоким уровнем знаний. Уважает и любит свою Родину и традиции народа Казахстана. Знает историю и уважает культуру как собственного, так и других этносов, проживающих в нашей стране. Знает Конституцию и правовую систему, а также следует закону даже в маленьких вещах. Проявляет интерес к происходящему в обществе, разбирается в политике, проявляет гражданскую активность.

Хотелось бы отметить, когда развертывали части и соединения Южного военного округа, генерал Таласов внес большой вклад в строительство зданий и сооружений округа, расквартирование войск. В тот период, когда стояла острая необходимость в создании округа на южных рубежах, я часто бывал в г. Тараз, проверял развертывание военных объектов, где Мухамеджан Кадиржанович еще будучи начальником РЭЧ проявил себя как профессионал своего дела. Его труд был мною оценен, и он был выдвинут на вышестоящую должность в Главное управление расквартирования войск в столице, - говорит о юбиляре Сат Бесимбаевич.

Генерал-полковник Сакен Жасузаков, Министр обороны Республики Казахстан с 2016 по 2018 годы, отмечает:

- Будучи заместителем начальника Генерального штаба генерал-майор Мухамеджан Таласов внес большой вклад в военно-патриотическое воспитание, совершенствование воспитательной и идеологической работы в войсках, работу с ветеранами войны и Вооруженных Сил. Всегда приходит на помощь другим, за что его ценят в коллективе. Важным условием в его работе является опора на положительное, - говорит Сакен Адилханович.

Под руководством Мухамеджана Кадиржановича органы воспитательной и идеологической работы добились новых успехов по формированию у военнослужащих нового казахстанского патриотизма, воспитанию у них верности конституционному долгу, готовности к защите Отечества, подчеркивает генерал.

- В целях изучения морально-нравственной обстановки в семьях военнослужащих, оказания необходимой методической, консультативной, психологической, социально-правовой помощи при его активном участии созданы службы по работе с семьями военнослужащих.





В войсках введены новые формы и методы воспитательной, идеологической, психологической работы. Внедрена система «Жауынгерлік дос», воинские части и учреждения обеспечены полевыми информационными комплексами ПИК, в местные органы военного управления внедрены системы психологического изучения кандидатов на воинскую службу «Ақ сұңқар», - отмечает Сакен Адилханович.

Под руководством генерал-майора Мухамеджана Таласова в Вооруженных Силах с особым вниманием ведется работа по военно-патриотическому воспитанию допризывной молодежи.

- Мухамеджан Кадиржанович стоял у истоков создания республиканского детско-юношеского военно-патриотического движения «Жас сарбаз», старт которому дал Первый Президент страны – Елбасы Нурсултан Абишевич Назарбаев.

Он является учредителем движения «Жас сарбаз». В 2014 году при его активном участии организован и проведен первый республиканский военно-патриотический сбор молодежи «Айбын», который проводился ежегодно.

А в 2019 году на пятом юбилей-

ном сборе принял участие Президент страны – Верховный Главнокомандующий Вооруженными Силами Касым-Жомарт Кемелевич Токаев, который дал высокую оценку организации и проведению сбора.

Кроме того, при его активном участии в целях совершенствования военно-патри-

отического воспитания военнослужащих, а также допризывной молодежи в 2015 году был открыт Национальный военно-патриотический центр Вооруженных Сил, который стал координирующим органом военно-патриотического воспитания военнослужащих и допризывной молодежи, - говорит генерал о юбилеаре.



ТЕҢІЗДЕГІ ТЕГЕУРІНДІ КҮШ

Бүгінде Қазақстанның Әскери-теңіз күштерінің әлеуеті артып келеді. 1993 жылдың 2 сәуірінде Мемлекет басшысының Жарлығымен құрылған Әскери-теңіз күштерінің әр қадамы адымды.

Мақсат – мүддемізді қорғау

Еліміздің Әскери-теңіз күштері 1993 жылы көктемде құрылды. Оның негізгі базасы әуелгі кезде Ақтау қаласында орналасты. Ал 1999 жылы аталмыш әскери база еліміздің ҰҚК Шекара қызметі Теңіз бөлімдеріне қарады.

Әскери сала мамандарының пікірінше, тәуелсіздік алғаннан кейін Каспий теңізінің қазақстандық бағытындағы стратегиялық маңызды нысандардың мүддесін қорғау басты мақсат болды. Анығында, бұл экономикалық аймақ еді.

Өздеріңіз білетіндей, Каспий аймағында табиғи ресурстардың өте бай қоры шоғырланған. Егемендік алған тұста оларды игеру жұмыстарының көлемі тез арада ұлғая бастады.

Әскери мамандардың айтуынша, бұл арада Каспий аймағындағы Тәуелсіз мемлекеттердің және басқа елдердің осы аймақтағы стратегиялық-саяси мүдделері бір арнаға тоғысып, ішкі саяси және сыртқы саяси факторлардың ықпалы барынша артты. Сол кездегі Таяу Шығыстағы және Ирандағы саяси оқиғалар, жаһандық лаңкестің өрістеуі, мұнай құбырлары, мұнай өндірілетін ірі кен орындары, порттар мен кемелердің тұрақтары сияқты теңіз нысандарына, сондай-ақ теңізде және жағалауларда орналасқан су коммуникациялары мен басқа да маңызды нысандарға бағытталатын диверсиялық әрекеттердің болу мүмкіндігі сияқты жайттар көпті толғандырды.

Осындай факторлардың барлығы Каспий аймағындағы елдердің барлығына өздерінің Әскери-теңіз күштерін күшейтуге сеп болды. Сондықтан мемлекетіміздегі Әскери-теңіз күштерінің

дамуы Қазақстанның Каспий теңізіндегі ұлттық мүддесін қорғау үшін, Каспий теңізінде қауіпсіздікті өзіміздің және ұжымдық әскери қауіпсіздік шеңберінде қамтамасыз ету мақсатында жасалып жатқан жайы бар.

2003 жылы 7 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы шықты. Осы сәттен бастап Әскери-теңіз күштері Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің дербес бөлімшесі ретінде түпкілікті қалыптасты.

Міндеттері айқын

Теңіздегі әскерилер Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде еліміздің шекарасын қорғап, қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Одан бөлек елдің экономикалық

мүдделерін барынша қорғау, басқыншылардың шабуылына лайықты тойтарыс беру, қарулы қақтығыстардың алдын алу жүктелген.

Әскери-теңіз күштеріне суасты диверсиясына қарсы қорғану, құрлықтағы әскери күштердің іс-қимылын теңізден қамтамасыз етіп, қолдау көрсету, теңіз десантын түсіруге мүмкіндік жасау, сарбаздар әрі олардың техникалық құралдарын тасымалдау, теңіз миналарын орналастыру, халықаралық өзара келісімге сәйкес бірлескен қорғаныс бойынша Каспий жағалауындағы өзге бес мемлекеттің әскерилерімен бірлескен тапсырмаларды орындау жүктелген.

Бұған қоса, еліміздің портты аймақтары мен мұнай іздеуге арналған нысандарды қорғау әрі күзетумен айналысады.

Каспийдегі теңіз флоты Төтенше





жағдайлар жөніндегі министрлік өкілдерімен тізе қоса отырып теңіз аумағында іздеу-құтқару шараларын іске асырады. Ашық теңізде қиын сәтке тап болған жандарға көмек қолын созады.

Еліміздің Әскери-теңіз күштері қоршаған ортаны қорғау және бақылау міндеттерін орындау, сондай-ақ теңіздегі түрлі апат немесе экологиялық апаттың зардабын жоюға және басқа да көптеген міндеттерді атқаруға атсалысады.

Өзімізде өндірілді

КСРО тұсында Каспий аймағында әскери флотилиясы тұрғанмен, Қазақстанның аумағында бірде-бір әскери кеме болмаған екен. Жалпы Қазақ елі теңіз көліктерін өз күшімен жасағаны мәлім. Алғашқы жылдары кеме құрастыру бағдарламасы түзіліп, Оралдағы «Зенит» зауытында кеме және катер соғу басталды.

Әскери-теңіз күштеріне қарасты әуелгі катерлер Каспий суына 1995 жылы бірінші мәрте түсті. Олар «Сұңқар» және «Батыр» жобасы бойынша жасалған кемелері еді. Содан бері талай жыл өтті.

Бүгінде осы бағдарламалар табысты жүзеге асып жатыр. Соған қарап Қазақстанның да кеме шығаратын мемлекетке айналғанын көруге болады. Зауыт қазірдің өзінде «Барс 250» жобадағы кемелер мен катерлерді құрастырып, Әскери-теңіз күштеріне де беріп үлгерді.

Қазір еліміз Әскери-теңіз күштерін қаруландыруға, әскери техникалармен жабдықтауға барынша көңіл бөліп отыр. ӘТК қолбасшылығы бұл тұрғыда жергілікті өндіріс орындарымен барынша тығыз байланыс орнатқанын атап өткен жөн.

Бұған дәлел қазіргі таңда Әскери-теңіз қаруларының 80 пайызға жуық тапсырыстарын «Қазақстан инжиниринг» ҰК қорғаныс-өндірістік кәсіпорыны жүзеге асырып жатыр. Мәселен, бүгінде отандық өндірістен шыққан «Қазақстан», «Орал», «Сарыарқа», «Маңғыстау» зымыран-артиллериялық корабльдері (2012-2017 жылдар аралығында жасалған) бізге таңсық емес. Осынысымен біздің мемлекет әскери кемелер құрастыруға қабілетті Ресей мен Ираннан кейінгі Каспий маңы өңірінің үшінші еліне айналды.

Теңіз мамандары даярланды

Теңіз мамандарын даярлау мақсатында 1994 жылдың күзінде Орал қаласында Әскери-теңіз күштерінің арнайы оқу орталығы құрылды. Құрылған уақыттан бастап осынау орталық ҚК ӘТК мен ҰҚК Шекара әскерлерінің теңіздік бөлімдеріне кіші кеме мамандарын даярлай бастайды. Ал кәсіпке дайындау штурмандық-белгі берушілер, радио-телеграфшылар

және де трюмдік моторшылар деген үш мамандық бойынша жүргізіле бастайды.

Әрине, маман дайындау үшін ұстаз қажет. Сол жылдары елімізде Әскери-теңіз саласын жақсы білетін мамандар болды ма? Болды.

Елімізде ӘТК құрылған бастапқы жылдарда Қайыргелді Есінеев, Серікқали Бимурзаев, Марат Түлекбаев, Жандарбек Жанзақов, Ахметжан Шақпұтов, Марат Базилов, Болат Алтымбаев сықылды күллі КСРО флоттарының құрамында жүріп алып мұхиттардағы нейтралды суларда барынша шыныққан тәжірибелі флот офицерлері талмай еңбек етті.

Мінекей, осынау білікті мамандар өздерінің үлкен ортада көрген тәжірибелерін отандық теңіз күштерін құруға жұмсады.

Мемлекеттік тапсырмалар орындалды

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери-теңіз күштерін құру кезеңінде әскери теңізшілер халықаралық шарттарға сәйкес берілген басқа елдерден әскери корабльдердің ауысуын қабылдау және жүзеге асыру бойынша бірқатар ірі мемлекеттік тапсырмаларды орындады.

1996 жылы Германиядан пароммен Астрахань портына сыйымдылығы 70 тонна төрт шағын патрульдік кеме жеткізіліп, олар өз күштерімен Ақтау портына жол тартты. 1999 және 2001 жылдары Мәрмәр теңізіндегі екі түрік порты Гельджук пен Пендиктен қазақстандық теңізшілер 170 тонна су тасымалы шағын патрульдік кемелермен Ақтау портына көшті. 2006 жылы пароммен Оңтүстік Кореяның Пусан портынан Түркиядан Пендик портына



3 патрульдік кеме басынан тағы бір тарихи өткел жасалды, содан кейін өз бетінше осы портқа өту жүзеге асырылды.

Кемелерді дайындау және қабылдау мүмкіндігінше тез және қиын навигация аймақтарында жүзеге асырылды. Мәрмәр теңізінен Каспий теңізіне кемелердің өту жолдарының жалпы ұзындығы үш мың мильден астам болды. Қазақстанның әскери теңізшілері Мәрмәр, Қара, Азов және Каспий теңіздері арқылы, Босфор, Керчь бұғаздары, Дон, Еділ, Цимлянск су қоймалары арқылы өтті. Маршрут картасында Түркиядағы Эрели, Синоп, Гельчук, Пендик, Украинадағы Азов, Ресей Федерациясының Темрюк, Ростов-на-Дону, Астрахань теңіз порттары болды.

Осы ауысулардың барлығында кемелердің экипаждары жақсы теңіз дайындығын, жоғары тәртіп пен ұйымшылдық танытып, сол арқылы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің беделін нығайтты.

Бүгінгі теңіз базасы

Елімізде теңіз күштерінің базасы қазірде Ақтау қаласында орын тепкен. Оның құрамында әртүрлі кемелер, дивизион, жастарды оқытатын оқу орталығы, гидрографиялық қызмет және қамтамасыз ету батальоны енеді. Шамамен, құрамында 3 мыңға тарта жауынгер бар.

Бүгінде жаңадан теңізге түскен кемелер саны артты. Айта кетсек, ҚР ҚМ Әскери-теңіз күштеріне тиесілі 7 кеме бар. Мәселен, Әскери-теңіз күштерінің қатарында «Қазақстан», «Орал», «Сарыарқа», «Маңғыстау» атты зымыранды артиллериялық кемесі, «Алатау» минотартқыш кемесі, «Жайық»

гидрографиялық кемесі, «Өжет» оқу кемесі бар.

Ресейде жасалып, Балтық және Каспий теңізінде сынақтан өткізілген «Алатау» минотартқыш кораблі тайыз және терең суда да жүзе береді. Теңіздің асты мен үстіндегі минаны анықтауға қауқарлы. Ол – еліміздің Қарулы Күштеріндегі мұндай үлгідегі жалғыз әрі алғашқы кеме. Сол себепті экипаж мүшелері де қайта дайындықтан өткен, су көлігінің техникалық сипаттамасымен танысқан.

Сондай-ақ, «Маңғыстау» зымыран-артиллериялық кораблін айтып өтуге болады. Әскери-теңіз күштерінің жауапкершілік аймақтарында жауынгерлік тапсырмаларды орындауға арналған. Ерекшелігі, қару-жарақ жаңартылып, суасты диверсиялық қауіп-қатерлерді, жауынгерлік жүзушілерді анықтауға және олармен күресуге арналған құралдар орнатылған. Сонымен қатар, экипаждың тұру жағдайын жақсарту бойынша кемеде қызмет етіп жүрген әскери теңізшілердің ұсыныстары ескерілді.

Теңіздегі жүзушілер жасағы

2017 жылы ҚР ҚК Әскери-теңіз күштері құрамына арнайы мақсаттағы жауынгерлік жүзушілер жасағының 35950 әскери бөлімі берілді. Әскери-теңіз күштерінің жүзушілері – теңіздегі, құрлықтағы және аспандағы үш элементте тапсырмаларды орындайтын әмбебап бөлім. Оларға теңіз порттарын, рейдте тұрған жекелеген кемелерді күзету және қорғау; жау объектілерінде түрлі барлау және арнайы іс-шаралар өткізу; заңсыз қарулы құрамаларды жою бойынша терроризмге қарсы операцияларға



қатысу, сондай-ақ Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы теңіз экономикалық қызметін қорғау және қорғау міндеттелген.

Олар сүңгуірлік жарақтың заманауи түрлерімен, тапсырмаларды өткізу орнына су астында жеткізу құралдарымен, сондай-ақ атыс қаруының және аспаптарының ең жаңа түрлерімен жабдықталған.

Арнайы міндеттерді орындау мақсатында жауынгерлік жүзушілер жарылыс салдарын жоюға тартылады. Мысалы, Арыс өзенінің арнасын тексеру үшін жарылыс қаупі бар заттардың болуына Әскери-теңіз күштері жауынгерлік жүзушілер жасағының бір топ әскери қызметшілері сүңгуір ісі және іздестіру-құтқару жұмыстары мамандары жіберілді.

Іздестіру жұмыстары барысында жауынгерлік жүзушілер сүңгуірлік жарақта 56 сағат бойы қауіпті және қауырт жұмыс барысында ұзындығы 40 км өзен түбінен көтеріліп, минасыздандыру тобына сынықтар мен снарядтардың





фрагменттері берілді.

Жауынгерлік әзірліктері жоғары

Еліміздің теңіз әскери күштерінің негізі әскери базасында әскери теңізшілер жыл сайын жаттығады. Жыл сайын өткізілетін командалық-штабтық және ұрыстық тактикалық оқу-жаттығулар – соның дәлелі.

Осыдан екі жыл бұрын, 2020 жылы 5-9 қыркүйек аралығында ҚР ҚК Әскери-теңіз оқу-жаттығуы өткізілді. Оқу-жаттығуға Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі қатысқандығымен есте қалды.

Жаттығу жоспарына сәйкес арнайы бөлімшелер дағдарыс ауданындағы шартты қарулы қақтығысты шешу бойынша тактикалық-атыс іс-қимылдарын орындады.

Оқу-жаттығудың негізгі мақсаты еліміздің Батыс өңірдегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бірлескен іс-қимылдарды пысықтау болды.

Қарулы Күштерден басқа маневр

жасауға «Бекет-2020» ведомствоаралық кешенді оқу-жаттығуы шеңберіндегі іс-шараларға қатысқан басқа да мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері тартылды. Сонымен қатар, оқу-жаттығу барысында нақты жауынгерлік жағдайларға барынша жақын, кешенді тәуекелдер мен гибридті сипаттағы қауіп-қатерлерге, сондай-ақ шартты қарсыластың әрекеттеріне ден қою қажеттілігін ескеретін жағдайлар қарастырылды.

ҚР Әскери-теңіз күштеріндегі ірі ауқымды оқу-жаттығудың белсенді кезеңін қалаған министр сол кезде жауынгерлердің кәсібилігіне, Қарулы Күштер бөлімшелері мен басқа да мемлекеттік органдардың өңірдегі дағдарыстық жағдайды жою жөніндегі міндеттерді шешудегі іс-қимылдарының үйлесімділігіне жоғары баға берген еді.

Жетістіктер жоқ емес

Отыз жылға таяу жыл ішінде қазақстандық флоттың соңғы үлгідегі техникамен жабдықталған отандық өндірістің су жаңа зымыран-артиллериялық корабльдерімен сапалы жабдықталуы, жеке құраммен жасақталуы және әскери қызметшілердің оқуы мен жауынгерлік даярлығын жетілдіруден бастап корабльдердің орналасуының алғашқы жеке меншік пунктінің құрылысы мен ашылуына дейінгі қыруар жұмыс атқарылды.

Бүгінде Қазақстанның Әскери-теңіз күштері – бұл Каспий теңізінің қазақстандық секторында маңызды стратегиялық тапсырмаларды орындайтын еліміздің Қарулы Күштерінің толыққанды жекелеген әскер түрі.

Еліміздің Әскери-теңіз күштері өзінің

қалыптасу уақытында әлемнің көптеген мемлекетімен берік ынтымақтастық орна-тып, тәжірибе алмасты. Айталық, осыдан шамалы жыл бұрын еліміздің Әскери-теңіз күштеріне арнайы сапармен Оңтүстік Корея Әскери-теңіз күштерінің Бас қолбасшысы Джон Хо Сюб және Иранның бас қолбасшысы Хабибулла Сайари келді. Алдыңғы жылы құрамында «Сарыарқа» және де «Орал» зымыран-артиллериялық кемелері бар Қазақстан ӘТК жауынгерлік кемелерінің тобы арнайы сапармен Иранның Энзели портына барып қайтты.

Әскери-теңіз күштері кемелері еліміздің жалауының астында түрлі жауынгерлік жорықтарға шығып, халықаралық әскери жаттығуларға, жарыстарға қатысып жүлделі оралды. Соның ішінде «Теңіз биатлоны» бойынша жарыстардан да қазақстандық кемелер қомақты жүлдемен оралды.

Сөз соңы

ҚР Әскери доктринасында Каспийдің құқықтық мәртебесі туралы мәселеге айтарлықтай көңіл бөлінген. Өйткені Каспий жағалауындағы кейбір елдердің өз әскери әлеуетін арттыруға тырысуы әлі де сақталып отыр. Ал, теңіздегі даулы мұнай көздері болашақ аймақта әскери-саяси жағдайдың ушығына әкеліп соғуы мүмкін. Осы факторлар Қазақстанның Әскери теңіз күштерін құруға дер кезінде шешім қабылдағанын көрсетті. Сондықтан да, ҚР Қарулы Күштерінің Әскери-теңіз күштері Каспий аймағындағы тұрақтылықтың кепілі болып отыр деп айтуға болады.

Рима ӘБЕУОВА



ПОЛКОВНИК РУСЛАН КУЛУМБЕТОВ: «ВОЕННАЯ ПОЛИЦИЯ СОСТОЯЛАСЬ И ПРОЧНО ЗАНЯЛА МЕСТО В СТРУКТУРЕ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ»

В нынешнем году органы военной полиции отмечают свой четвертьвековой юбилей. За это время военная полиция прошла длительный и непростой путь своего развития, став сегодня важнейшей структурой, стоящей на защите прав и интересов военнослужащих, на страже законности и правопорядка в войсках. О дальнейшем развитии и совершенствовании работы ОВП мы поговорили с начальником Главного управления военной полиции Вооруженных Сил Республики Казахстан полковником Русланом Кулумбетовым.

- Расскажите об основных вехах становления органов военной полиции. Какие, на Ваш взгляд, наиболее важные изменения произошли за эти годы в их работе?

- 22 апреля 1997 года Президентом страны подписан Указ «О мерах по дальнейшему реформированию системы правоохранительных органов Республики Казахстан». С этого дня начинается самостоятельный отсчет существования казахстанской военной полиции, и в этом году органы военной полиции отмечают 25-летний юбилей с момента образования.

И если на момент своего образования функции военной полиции ограничивались лишь небольшим перечнем полномочий, это обеспечение безопасности дорожного движения военных транспортных средств, патрулирование, розыск военнослужащих и дознание по воинским преступлениям, то с каждым годом задачи и полномочия существенно расширились.

Гауптвахты, прежде находившиеся в ведении начальников гарнизонов, были переданы органам военной полиции. Органы военной полиции получили полномочия по профилактике коррупционных правонарушений в Вооруженных Силах.

При всесторонней поддержке руководства Министерства обороны в конце



90-х – начале 2000-х годов был заложен прочный фундамент военной полиции и решены многие организационные вопросы.

Логическим завершением этапа становления военной полиции стало принятие 21 февраля 2005 года Закона Республики Казахстан «Об органах военной полиции», который закрепил правовые основы, принципы, задачи и систему органов военной полиции Вооруженных Сил.

На первоначальном этапе приходилось сталкиваться со многими трудностями, начиная от подбора кадров и заканчивая материально-техническим обеспечением. Не отличались идеальным состоя-

нием здания и сооружения, перешедшие в ведение военной полиции.

Однако время не стояло на месте. Растущая экономика молодой независимой страны позволила ежегодно увеличивать бюджет оборонного ведомства. Существенно улучшились объемы и качество материально-технического обеспечения казахстанской армии. Одновременно происходил процесс переоснащения военной полиции, который положительно отразился на показателях общеслужебной деятельности.

Благодаря кропотливому труду, при активном содействии и поддержке командиров и военачальников, а также других военных правоохранительных



органов, к началу 2000-х годов удалось минимизировать рост правонарушений.

Проведена работа по реализации Концепции правовой политики в части гуманизации уголовного законодательства, где был декриминализован ряд статей Уголовного кодекса, в том числе в сфере воинских преступлений, с переводом их в разряд административно наказуемых деяний.

С этого периода полномочия военной полиции были существенно расширены за счет введения подразделений административной практики, компетентных рассматривать административные дела по вышеуказанным категориям правонарушений.

Главное управление военной полиции стала одним из основных разработчиков Антикоррупционной стратегии Республики Казахстан на 2015-2025 годы.

Нами подготовлен для заключения меморандум о взаимном сотрудничестве между государственными органами - МО РК, МВД, Генеральной прокуратурой, КНБ, АДГС, Верховным судом РК по вопросам противодействия коррупции, направленный на минимизацию коррупции в сфере воинской службы.

В рамках развития войсковой составляющей определены место и роль военной полиции в системе применения Вооруженных Сил в особый период, в том числе организация дорожно-комендантской службы.

Четко обозначены задачи военной полиции на тактическом и оперативно-тактическом уровнях.

В органах военной полиции созданы подразделения оперативного реагирования, применяемые по особому указанию руководства Министерства обороны при возникновении различных кризисных ситуаций, в составе которых предусмотрено создание подразделений специально назначения.

Сыграло положительную роль и повышение статуса военной полиции, это передача функции контроля службы войск в состав Главного управления военной полиции в 2012 году. После чего были введены соответствующие штатные должности для офицеров, правомочных осуществлять контроль за организацией и состоянием службы войск в воинских частях, на базе которых были сформированы отделы противодиверсионной безопасности и контроля эксплуатации



технических средств охраны, с разработкой необходимой нормативно-правовой базы.

В результате нам удалось создать эффективную систему контроля и профилактики происшествий, основным принципом которой являются объективность и оказание помощи командирам в организации службы войск.

Набирает положительные обороты и кинологовая служба военной полиции. Служебные собаки органов военной полиции используются при несении службы по поддержанию правопорядка в гарнизонах, проведении профилактических мероприятий по выявлению случаев незаконного оборота оружия, боеприпасов, взрывчатых и наркотических средств, конвоированию арестованных.

Также необходимо отметить участие кинологов со служебными собаками в международном кинологовском конкурсе в рамках Армейских международных игр, где неоднократно были заняты призовые места.

